

14. Досымбаева А.М. Западный Тюркский каганат в культурном наследии казахской Степи // Мәдени мұра. Культурное наследие. – Астана. - 2009. - №1 (22).- Қаңтар - наурыз.

15. Takashi OSAWA. The cult relation between old Turkic kingship and their sacred mountains in the early periods of the Western Old Turkic kaganate. //Мәдени мұра. Культурное наследие. – Астана.- 2009. - №1 (22). Қаңтар- наурыз.

Резюме

Статья посвящена изучению памятников культуры тюркских племен, проживавших на территории долины рек Талас и Шу в средневековую эпоху. Информативный потенциал статьи основан на анализе широкого круга письменных и археологических источников.

Summary

This article are dedicated to the study of the problem of development of the culture medieval Turks that lived to the Talas and Shy rivers territory. The article are based to research of ancient written and archeological sources.

СЫРДЫҢ ОРТА АҒЫСЫНДАҒЫ ТӨРТКҮЛ ТИПТЕС ҚҰРЫЛЫСТАР

С.З.Ахмет –

ізденуші, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі 2003 жылдан бері Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы аймағындағы археологиялық ескерткіштерді зерттеуді кең көлемде жүргізіп келеді. Музей жыл сайын өз қаржысына археологиялық барлау экспедициясын ұйымдастырып, Отырар өңіріндегі бұрын-соңды белгісіз келген жаңа ескерткіштерді зерттеп, ғылыми паспортын жасап, қорықтық аймағын белгілеуде. Археологиялық барлау жұмыстарының барысында, осы кезенге дейін 60-нен астам жаңа ескерткіштерді анықтады/1/.

Ескерткіштерді зерттеу үш бағытта нәтижелі жүргізілді. Олар Отырар ауданы жеріне қарайтын Қызылқұм шөлінің бір бөлігі, Сырдария өзенінің сол жағалауы және айдан орталығынан жырақта жатқан Қожатоғай ауылдық округіне енетін жерлер. Жаңадан табылған ескерткіштерді бірнеше топтарға бөлуге болады. Тас дәуіріндегі тұрақтар, қола дәуір обалары, ортағасыр кезеңіндегі қалашықтар, зиратар, шеберханалар, кәріз суландыру жүйелері, арық-каналдар, төрткүл типтес қорған-қамалдар.

Жаңадан табылған ескерткіштердің ішінде назар аударарлық ескерткіштер төрткүл типтес құрылыстар. Отырар өңіріндегі бұрынғы зерттеу жұмыстарының барысында табылған археологиялық ескерткіштер қатарына төрткүл типтес құрылыстар аталмайды. 1998 жылы Сырдария өзенінің сол жағалауынан Шаншар, Аққорған ескерткіштері алғаш табылған болатын/2/.

Одан кейінгі төрткүл типтес құрылыс орындары 2002 жылдан бері анықталып жатыр. Төрткүл типтес құрылыстардың аталу мағынасы, географиялық орналасуы мен көлемдеріне қарай көптеген ғылыми деректемелер айтылады. Қазақ жерінде Төрткүл пішіндес құрылыстардың негізі шоғырланған аумағы Шу, Талас, Жетісу өңірі және Орталық қазақстан, Сырдария өзенің төменгі ағысында Келес өңірінде біршамасы кездеседі.

Төрткүл құрылыстарын археология ғылымдарының озық тәжірбесіне, бұрын жазылған деректерге, аңыз – әңгімелерге, т.б деректерге сүйене дәлелденген құнды еңбектер қатарына В.В.Бартольд, А.Н.Бернштам, К.Ақышов, К.Байпақов, А.Ерзакович, Е.И.Агеева, Г.И.Пацевич, М.Елеуов, А.Марғұлан, М.С.Қасенов, Д.Талеев, Д.Талстовтардың еңбектерің атап өткен абзал.

В.В.Бартольд Жетісу өңіріндегі төрткүлдерді, түрік тіліндегі төрт көл деп аталған/3/.

А.Н.Бернштам Шу, Талас өңіріндегі ескерткіштерді 9 түрге бөліп, соның ішінде төрткүл түрлерін бекіністер, қамалдар, керуен сарайлар, қорғаныс құрылыстар деп бөлген/4/.

Ә.Х.Марғұлан өз еңбегінде Орталық Қазақстан төрткүлдерін селолық елді мекен, қолөнер орталығы, қыпшақ қола деп бөлген/5/.

Г.Н.Пацевич елді мекендермен қолалар орнын түрлеріне қарай алты топқа бөлген. Оның ішіндегі төрткүлдерді бекініс, керуен сарай белгілеген/6/.

К.М.Байпақов Жетісудың өңірінің солтүстік-шығысындағы төрткүл құрылыстарын ауылдық елді мекен, қорғаныс қала, керуен сарай, ірі қамалдар деп төрт топқа бөлген.

К.М.Байпақов елді мекендердің кішіден үлкенге қарай өскенін жазған/7/.

Талас өңіріндегі төрткүлдерді зерттеген М.С.Қасенов «Төрткүл» елді мекендерінің қызметі зор болды деп атап өткен. Ол өз еңбегінде Ә.Х.Марғұланның, К.М.Байпақовтың, А.Н.Бернштамның, Г.Н.Пацевичтің еңбектеріне назар аударып, кей пікірлерді қостайтының жазған/8/.

М.Е.Елеуов Шу өңірінің қалаларын ұзын жолды қалашықтар, төрткүлдер, төбелер деп үш топқа бөліп, соның ішінде төрткүлдерді 6 түрге бөліп қарайды. 1) Қалалар. Ұзын қабырғалы төрткүл. Оған қбырғасы 100м және оданда ұзындырын жатқызады. 2) Рабаттар. Жақсы қорған қабырғасы бар, ұзын қабырғалы төрткүлдер. 3) Қала-қорғандар. Жақсы қорған қабырғасы бар, көлемі үлкен, кіші, орта келген төрткүлдер. 4) Қорғанды елді мекендер. Бұған ұзын қабырғалы 100м астам, мәдени қабаты 1-2мтерендікті құрайтындар. 5) керуен сарай. Негізінен бұған қабырға ұзындығы 100м асатын керуен жолында орналасқан керуен сарайлары жатқызылған. 6)Қараауылдық бекініс. Кіші төрткүлдер, мәдени қабаттардың әлсіздігі, қараулдық беиет қызметін атқараттын төрткүлдерді жатқызған/9/.

Сонымен қатар М.Е.Елеуов Қала мен елді мекендер тарихын ауыз әдебиеттер мен аңыз әңгімелерді, батырлар жырын сабақтастыра ғылымға алғаш рет енгізді.

Табиғаты мен орналасу жағынан Сыр өңіріне жақын, ұқсас болып келетін Келес өңірінің ортағасырлық ескерткіштерін зерттеген Д.Ә.Таллив аймақтың тарихи-топографиялық жіктелуіне өмір сүрген кезеңіне, жасалу құрылысына үш кезенге бөлінген:

1. Ерте ортағасырлық ескерткіштер VI-VIIIғғ, оған 27 ескерткіш енгізілген.

2. Ортағасырлық ескерткіштер IX-XIIIғғ, оған 20ескерткіш енген.

3. Кейінгі орта ғасырлық ескерткіштер IX-XIIIғғ, оған 16 ескерткішті жатқызған/10/. Әл-Фараби атындағы ҚҰУ ізденушісі Қ.Жолдасбаева Шу, Талас, Келес өңіріндегі ортағасырлық елді мекендердің зерттелуін жазған зеттеушілердің еңбегіне шолу жасап біршама тоқталған/11/.

Шу, Талас, Жетісу өңірінің табиғаты, ауа-райы, жер рельефі бөлек, биік таулы, жыралы, көптеген өзеншелер мен бөлінген аймақ.

Сырдария бойы қалың тоғайлы оң жағы сотанды жазық, сол жағында қызылқұм жатқан өлке. Отырыр өңіріндегі төрткүл типтес құрылыстардың орналасу жүйесіне назар салсақ. Төрткүлдердің барлығы дерлік Сырдария өзенінің жекелеген тармақтары өзен бойларына орналасқан. Бұлардың басым бөлігі Сырдарияның сол жағалауына орын тепкен.

Төрткүлдердің өмір сүрген кезеңінің үстінгі қабаттарда жиналған керамика үлгілеріне қарап, б.з. I-мыңжылдықтың бірінші жартысынан басталып, XI-XIII ғасырларға дейін деп айтуға болады.

Сырдарияның орта ағысы бойы отырықшы қалалар мәдениет пен көшпелі мал шаруашылығы қатар дамыған өлке. Керуен жолдардың тоғысқан тұсы. Отырықшы халықтар егін, балық шаруашылығымен, қолөнер және сауда-саттықпен айналысса, көшпелі халықтар мал шаруашылығымен қой, ешкі, түйе, жылқы бағып жаз, күз айларында Қызылқұм шөлінде қыс, көктем мезгілдерінде Сыр бойында көшіп-қонып жүрген.

Отырар өңіріндегі төрткүлдердің бой түзеуі шаруашылық негізінде бейбіт өмірде бой көтерген деуге болады.

Отырар өңірінде төрткүлдерді орналасуына қарай: 1)оларды үлкен қорған ішіндегі орналасқан екі төрткүл құрылыстары және бір-біріне жақын орналасқан төрткүлдіктер (ара қашықтығы 600x400м); 2)жеке дара орналасқан төрткүлдер. Тұрғызылу тәсіліне және алып жатқан көлеміне қарай 3 топқа жатқызуға болады. Бірінші түрге Шаншар(1-сурет), Қисыққұдық төрткүлдері I, II, Баусексеуіл төрткүлі (6-сурет). Екінші түрге өңір аймағындағы барлық төрткүлдерді жатқызуға болады.

1) Қалашықтар - олар биік қабырғалы қабырға ұзындығы 100 м асатын, бірнеше бөліктерден тұратын жанында қосымша құрылыстары бар (рабад, шеберхана, кейбірінде жок). Бұл топқа Шаншар, Ұзынарал, Көлқұдық (7-сурет), Баусексеуіл (5-сурет), Жарәулие (9-сурет), Қанбаба (8-сурет), Қойлыбай төрткүлдерін жатқызуға болады.Қорған, қамалдар - қабырға ұзындықтары 100 м жетпейтін, сыртқы жағында қосымша құрылыстары жок, қорған қабырғалары жақсы сақталғандар. Бұлар негізінен ру не аймақ басшыларының, әміршілердің жекелеген тұрғын жайы, ауылшаруашылық бағытындағы тұрғызылған төрткүлдер. Бұл топқа Қисыққұдық I (3-сурет), II (4-сурет) төрткүлдері, Аққұм, Ақшығанақ, Аққорған II (12-сурет), Қостүйін II, Тасқотан (15-сурет), Топшақты төрткүлдері енеді.

2) Керуен сарайлар – ұзын қабырғалы (ұзындығы 300 м асатындар) көп мұнаралы құрылыстар бұлар негізінен жеке дара елді мекендерден ұзақ қашықтықта орналасқандар. Бұл топқа өңірдегі әзірге жалғыз Аққорған I төрткүлін (2-сурет) жатқызуға болады.

Сырдария өзенінің орта ағысындағы төрткүл қалашықтары негізінен Сырдария өзені жағалауына жақын орналасқан, типті кейбірі дария іргесінде орын тепкен. Ескерткіштердің орналасу жүйесі назар аударарлық. Төрткүл қалашықтарының қазіргі белгілі болғандарының барлығы дерлік жеке дара жалғыз орналасқаны белгілі. Ал Сырдарияның сол жағалауындағы екі ескерткіш Шаншар және Қисыққұдық Аққорғаны I-II, Сырдария жағалауындағы Баусексеуіл төрткүлі мен қорғаны бір қорған ішіндегі қос төрткүл болып келген. Әрі бұл ескерткіштер бір-біріне жақын, 400-600 м қашықтықта орналасқан. Анықталған басқа ескерткіштер жеке-дара салынған. Ескерткіштердің негізгі көп табылған аймағы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы Көксарай ауылдық округінің жері. Бұл аймақтан Шаншар, Аққорған, Аққорған-II, Жарәулие төбе, Қанбаба, Қисыққұдық Аққорғаны I-II, Ақшығанақ төрткүлі. Шәмші ауылдық округінен Баусексеуіл төрткүлі, Баусексеуіл қорғаны. Балтакөл округінен Көлқұдық төрткүлі. Көкмардан округінен Қойлыбай төрткүлі. Аққұм округінен Аққұм төрткүлі және Жалаулы ескерткіштері есепке алынды.

Ұзынарал төрткүлі. 11-12 ғғ. Ескерткіш Шеңгелді ауылынан оңтүстікке қарай 7 км, Шәуілдір – Балтакөл тас жолынан 4 км қашықтықта орналасқан. Ескерткіш кейінгі қазылған екі канал ортасына орналасқан. Ескерткіш төртбұрыш пішінді. Ескерткіш қорған қабырғамен қоршалған онша биік емес, жалпақтығы 1,5-2 м келген. Қорғанды ескерткіштің солтүстік-батыс қабырғасының ұзындығы 90 м, солтүстік-шығыс қабырғасының ұзындығы 110 м, оңтүстік-шығыс қабырғасы – 90 м, оңтүстік-батыс қабырға – 105 м. Қорғанда екі қақпа болған, бір қақпа солтүстік-батыста, ені 5 м, екінші қақпа оңтүстік-шығыста. Оңтүстік-шығыс қақпа тұсындағы қорған дуал орны біршама бұзылып тегістеліп кеткен. Қорған ішінің үстінгі бетін ақ кебір басқан, жынғыл өскен. Ішкі қақпаның өзі екіге бөлініп, арасын ұзын келген алаңды жол бөліп тұр. Ескерткіштің айналасы негізінен тегіс ашық. Қорғанның оңтүстік-батыс бетінде бірнеше белгісіз құрылыстардың орындары сақталған. Қорғанның оңтүстік бұрышынан 60 м қашықтықта ұзындығы 55 м, ені 22-30 м, сақталған жалының жалпақтығы 8 м болатын белгісіз құрылыс орны бар. Қорғаннан 100 м оңтүстікте биіктігі 1,3 м келген, көлемі 90x30 м келген тегіс алаңқай дөңес бар. Қорғанның шығыс бетінде ұзындығы 40-50 м, ені 20-25 м болатын ұзын жол жатыр. Қорғанның оңтүстік-шығыс бетінде қыш құмыра, қыш бөліктері көптеп кездеседі. Қорғанның шығыс бұрышынан темір шлактар көп шоғырланған жері бар. Бұл жерге кейінгі кезде шопан қыстауы орналасқан. Оңтүстік-шығыс жағы арықталып айдалған. Бұл жерде қыш күйдіретін шеберханада болған секілді. (10-сурет).

Топшақты төрткүлі. 11-12 ғғ. Ескерткіш Сырдария өзенінің сол жағалауында Шеңгелді елді мекенінің оңтүстік-шығыс жағында 5 км жерде, Сырдария өзенінен 2,5 км қашықтықта орналасқан. Ескерткіштің айналасын қалың шыңғыл, шеңгел басқан. Ескерткіш төрткүл пішіндес солтүстік-батыс қабырға ұзындығы 67 м, солтүстік-шығыс қабырғасы 52 м, оңтүстік-батыс қабырғасы 62 м, оңтүстік-шығыс қабырғасы 34 м, ұзындықта төрт бұрышында төрт мұнара ізі бар. Қақпа орны солтүстік-батыс қабырғамен оңтүстік-батыс қабырға бойында 2 жерде байқалады. Қақпа ені 7-10 м аралығында. Ескерткіштің ішкі жағы төрт бұрышты тегіс келген. Бұл жерлердің орны қабырға деңгейіне қарағанда аласа болып келген. Ескерткіштің айналасы тереңдігі 2,5x2 метр, табанының жалпақтығы 3x2,5 метр келетін терең ормен қоршалған, ор ішінде қалың жиде толы өсіп кеткен. Қорғанның батыс бұрышы жайпақ келген.


Ескерткіштің шығыс және солтүстік жақтарында қалың шеңгел, жынғыл өссе, оңтүстік-батыс беті тегіс ақсары өсімдіктері өсіп кеткен. Осы бетте ескерткіштен 80-90 метр қашықтықта көлемі 1,5 метр, ішінің кеңдігі 4x6 метр болатын көне оман-арық өткен, оман-арық ескерткіштен солтүстік-батысқа қарай 900 өтіп Сырдария өзенінің өзегіне барып тірелген, оман-арықтың көп жері шайылып кеткен. (11-сурет).

Аққұм төрткүлі. IX-XI ғ.ғ. Аққұм елді мекенінің оңтүстік-батысында 3 км жерде Шәуілдір-Шардара тас жолының сол жағында 500 м. Алыстан онша бай қала бермейді. Жойылып кетудің сәл алдында тұр. Географиялық координаты 42Т0431709, UTM 4692914. Теңіз деңгейінен 206 м биіктікте. Ескерткіш төрт бұрышты ұзын келген, көлемі солтүстік-шығыс қабырға ұзындығы 65 м, солтүстік-батыс қабырға ұзындығы 66 м, оңтүстік-батыс қабырға ұзындығы 37 м. Дуал қалыңдығы жайылып кеткен, қазіргі орнының жалпақтығы 10 м. Қорғанның төрт бұрышында бір-бір мұнара ізі бар. Қорған есігі солтүстік-шығыс қабырғаның ортасында сияқты, өйткені бұл жер басқа қабырға деңгейіне қарағанда өте пәс. Ескерткіштің солтүстік жағынан ескі кіші канал сілемі Сазан төбеге қарай ирелеңделе созылып жатыр. Ескерткіш үстінен керамика үлгілері табылмады. (13-сурет). Ақшығанақ төрткүлі. VIII-XI ғ.ғ.


ескерткіші. Ақшығанақ төрткүлі Жартөбе мен Сазан төбенің ортасында, Шәуілдір-Шардара тас жолының оң жағында 1,5 км, Ақшығанақ көлінің оңтүстігінде 2,5 км жазық жерде орналасқан. Географиялық координаттары 42 т 047331199 ИТМ 4699423, теңіз деңгейінен 201 метр жоғарыды.

Қорған төрт бұрышты қорған дуалмен қоршалып ортасында сопақ келген төбе бар, қорғанның солтүстік бұрышын йен арық келіп қорған ішіне енген, қорғанмен тебе ортасында дөңгелек келген терек сайы су жинайтын қойма бар. Қорғанның солтүстік-шығыс қабырға ұзындығы 70 м, оңтүстік қабырға ұзындығы 130 м, солтүстік қабырға ұзындығы 66 м, оңтүстік-батыс қабырға ұзындығы 68 м. Ортадағы төбенің көлемі 47х40 м, биіктігі 2х1,50 м. Төбенің оңтүстік-батыс жағы ойыңқы сай болып келген (үстіңгі беті). Төбенің солтүстік жақ іргесіндегі су жинайтын сайдың тереңдігі 2 м, көлемі 10 метір келген. Қорған дуалда айналдыра қазылған ор ізі байқалады. Дуалдың қазіргі биіктігі 60х70 см аралығында. Қорған есігі оңтүстік қабырғаның ортасында орналасқан ені 12 м. Екінші есік оңтүстік-батыс қабырғада байқалады, ені 10 м. Ескерткіштің солтүстігінде, шығысында, батысында 1,200 кмх 1 кмх 700 м жерлерден үлкен ескі каналдар өткен. (14-сурет).

Қойлыбай Төрткүлі. VIII-XII ғ.ғ. Көкмардан ауылының оңтүстік-шығысында 5 км, Ақай төбенің шығысында 2 км жерде, Арыс өзенінің жағалауында (Географиялық координаты 42 Т 0447571, ИТМ 4726745, теңіз деңгейінен 195 м биіктікте). Ескерткіш жазық, тегіс жерде орналасқан. Қамалдың оңтүстік-шығыс қабырға ұзындығы жоғарғы жағынан есептегенде 32 м, қабырға бұрыштары сыртқа қарай 12х15 м жайылып кеткен. Оңтүстік-батыс қабырға ұзындығы жоғарғы жағынан есептегенде 34 м, бұл қабырға бұрыштары сыртқа қарай 12-15 метірдей жайылған. Солтүстік-шығыс қабырға ұзындығы жоғарғы жағынан 32 м. Солтүстік-батыс қабырға ұзындығы жоғарғы жағынан 33 м. Қорғанның төр бұрышында мұнара болтаны байқалады. Қорған ортасы 20х20 м болып келген терең сай. Қорған биіктігі 1,80-2,10 м аралығында. Қорған пішіні YIII-IX ғ.ғ. қорған құрылыстарына келеді. Үстіңгі қабатынан керамика үлгілері табылмады. (16-сурет). Төрткүл типтес құрылыстардың салыну тәсіліне қарап, оларды қалашықтар, елдімекендер, шекаралық бекеттер, керуен сарайлары деп бірнеше топқа бөлуге болады. Төрткүл типтес құрылыстарды бұлай бөлу жоғарыдағы көрсетілген мақалаларда да жақсы айтылған. Бір-біріне ұқсас төрткүл типтес құрылыстар Қазақстан аумағының барлық жерлерінде де кездеседі, негізгі шоғырланған жері Шу, Талас өңірі деуге толық негіз бар.




1-сурет. Шаншар.




2-сурет. Аққорған 1.

3-сурет. Аққорған 1 (Қисық құдық).




4-сурет. Аққорған 2 (Қисық құдық).



5-сурет. Баусексауыл қорғаны.




6-сурет. Баусексауыл төрткүлі.




7-сурет. Көлқұдық төрткүлі.


8-сурет. Қанбаба қорғаны.




9-сурет. Жәр әулие.




10-сурет. Ұзын арал.




11-сурет. Топшақты төрткүлі.




12-сурет. Аққорған 2.




13-сурет. Аққұм төрткүлі.



14-сурет. Ақшығанақ төрткүлі.



15-сурет. Тасқотан қорғаны.



16-сурет. Қойлыбай.

1. Ахмет С.З. Исабек З.Қ. Есжан Е. Отырар ескерткіштері.- Шымкент, 2005.
2. Ахмет С.З. Қожа М. Сырдарияның орта ағысындағы жаңа археологиялық

ескерткіштер// Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстанның археология ғылымдарының жетістіктері мен келешегі» тақырыбы бойынша Халықаралық Марғұлан оқуларының еңбектері.- Қызылорда, 2001.- 102-106 бб.

3. Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью в 1893-1894 гг. - Соч. - Т. IV. - М., 1966. - С.31.

4. Бернштам А.Н. Памятники старины Таласской долины. - Алма-Ата, 1941. - С.9.

5. Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана.- Алма-Ата, 1950.- С.88-106.

6. Пацевич Г.Н. Историческая топография поселений и городов юга Казахстана в VI-XV вв.: Автореф. дис. ... к.и.н. – М.,1954.

7. Байпаков К.М. Городища типа торткуль. Археологические памятники Казахстана. КазССР. - Алма-Ата: Издательство «Наука», 1978.- С.81-89.

8. Қасенов М.С. Талас өңірінің ортағасырлық қалалары мен елді мекендердің мәдениеті.- Алматы, 1994.- 3-70 бб.

9. Елеуов М.Е. Типологическая классификация средневековых городов и поселений Шуйской долины. //Әл-Фараби атындағы ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы, 2.- Алматы, 1995. - 93-97 бб.

10. Талеев Д.Ә. Келес өңірінің археологиялық ескерткіштері (XI-XVIII ғғ.). - Алматы, 2000.

11. Жолдасбаева Қ. Шу, Талас, Келес өңіріндегі ортағасырлық елді мекендердің зерттелуі.// Қазақ тарихы. -2008. - №5-6. - 66-68 бб.

Резюме

Эта статья посвящена археологическим памятникам, расположенным в среднем течении реки Сырдарья.

Summary

This article is dedicated to archeological monument located at the average current Syrdarii.

ТАРИХНАМА ЗЕРТТЕУЛЕРІ ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ